

Ж.Ә. Аймұхамбет¹, М.Н. Миразова^{1*}, А. Дәлелбекқызы²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

²К. Құлжанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті, Астана, Қазақстан

*e-mail.ru: m.n.mirazova@mail.ru

КӨРКЕМ КЕҢІСТІКТЕГІ КИЕЛІ МЕКЕН МОДЕЛЬДЕРІ

Мақалада киелі мекендердің көркем кеңістіктегі пішіні назарға алынып, тарих-мәдени сипатын қарастыратын ғылым салалары – иератопия мен иерофания туралы тұжырымдар сараланады. Зерттеуші ғалымдардың анықтамаларын, ой-тұжырымдарын салыстыру арқылы иерофания мен иеротопия ұғымдарын таныту мақсатында аңыз-әпсаналардан мысалдар келтірілді. Сакралды санаттағы нысандардың жер бетіндегі барлық көрінісін иерофания қарастырса, адам санасындағы рухани болмысты танудың нақты бейнесін иеротопия саласы зерттейді. Болмыстағы иерофанияның мистикалық сипаты мен иеротопияның (адамдардың ақыл-ойы мен шеберліктің жемісі) сабақтастығының нәтижесінде киелі кеңістіктердің көркем модельдері қалыптасады. Алғашында иеротопия болмыстың табиғи элементі, кейін жоғары әлеммен қарым-қатынастың үлгісі ретінде орныққан.

Сакралдылық адам баласының санасына алдымен табиғи әрі бейсаналы түрде қалыптасып, кейін жоғарғы күштерге, болмысқа деген дүниетанымынан кеңеюіне қарай әртүрлі сипатта толыға береді. Болмыстағы кез келген тылсым сипатты нысанның, киелі орынның ерекшелігін айқындап тұратын өзіне тән белгілері болады. Мұндай белгілерді «атрибуттар» деп атаймыз. Адамзат санасында киелі мекендерге қатысты қалыптасқан тұрақты атрибуттар да бұл мақалада қарастырылған. Аталмыш атрибуттардың бірнеше ежелгі мәдениеттегі қызметі, мифтік баяндар мен аңыз-әпсаналардағы рөлі көрсетілді. Сакралды мазмұнның миф, аңыз, ертегілер мен әпсаналардағы қалпы және әдеби туындыларда жаңғырған бейнесі арқылы көркем модельдер түзілгені тұжырымдалады.

Түйін сөздер: көркем кеңістік, көркем модель, иератопия, иерофания, атрибут.

Zh.A. Aymukhambet¹, M.N. Mirazova^{1*}, A. Dalelbekkyzy²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

²Kazakh University of Technology and Business named after K.Kulzhanov, Astana, Kazakhstan

*e-mail: m.n.mirazova@mail.ru

Models of sacred places in artistic space

The article examines the form of sacred places in artistic space and analyzes the scientific disciplines of hierotopy and hierophany, which study their historical and cultural characteristics. To reveal the concepts of hierophany and hierotopy, examples from legends and myths are provided by comparing definitions and scientific concepts of researchers. Hierophany considers all manifestations of sacred objects in the real world, whereas hierotopy studies specific images of spiritual existence in human consciousness. The mystical nature of hierophany in being and the connection of hierotopy (as a product of human intellect and skill) lead to the formation of artistic models of sacred spaces. Initially, hierotopy was an inherent element of existence and later established itself as a model of interaction with the higher world.

Sacredness is initially formed in human consciousness in a natural and unconscious manner. As the worldview regarding higher powers and existence expands, it becomes enriched with various characteristics. Any mystical object or sacred place in existence possesses unique features that define its distinctiveness. These features are referred to as "attributes." The article also examines persistent attributes associated with sacred places in humanity's consciousness. It highlights the functions of these attributes in various ancient cultures, their role in mythological narratives, legends, and traditions. It concludes that sacred content shapes artistic models through its manifestations in myths, epics, folktales, and legends, as well as their reflection in literary works.

Keywords: Artistic space, artistic model, hierotopy, hierophany, attribute.

Ж.А.Аймұхамбет¹, М.Н.Миразова^{1*}, А.Далелбекқызы²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

²Казахский университет технологии и бизнеса имени К. Кульжанова, Астана, Казахстан

*e-mail: m.n.mirazova@mail.ru

Модели сакральных мест в художественном пространстве

В статье рассматривается форма священных мест в художественном пространстве, а также анализируются научные дисциплины иератопия и иерофания, исследующие их историко-культурные особенности. С целью раскрытия понятий иерофании и иеротопии путем сравнения определений и научных концепций исследователей приведены примеры из легенд и преданий. Иерофания рассматривает все проявления сакральных объектов в реальном мире, тогда как иеротопия изучает конкретные образы духовного бытия в человеческом сознании. Мистический характер иерофании в бытии и связь иеротопии (как продукта человеческого разума и мастерства) приводят к формированию художественных моделей священных пространств. Изначально иеротопия являлась естественным элементом бытия, а затем утвердилась как модель взаимодействия с высшим миром.

Сакральность изначально формируется в человеческом сознании естественным и бессознательным образом, а затем, по мере расширения мировоззрения в отношении высших сил и бытия, обогащается различными характеристиками. Любой мистический объект или священное место в бытии обладает уникальными чертами, определяющими его особенность. Эти черты называются «атрибутами». В статье также рассматриваются устойчивые атрибуты, связанные со священными местами в сознании человечества. Показаны функции этих атрибутов в различных древних культурах, их роль в мифологических рассказах, легендах и преданиях. Делается вывод о том, что сакральное содержание формирует художественные модели через свои проявления в мифах, сказаниях, сказках и преданиях, а также в их отражении в литературных произведениях.

Ключевые слова: художественное пространство, художественная модель, иеротопия, иерофания, атрибут.

Кіріспе

Сөз өнері туындыларында мифтен бастау алып, фольклор мен әдебиетте жалғасын тапқан кие, киелілік ұғымы зерттеу барысында тың терминдерді, өзіндік ерекшелігі бар әдіс-тәсілдерді туындатты. Сол негізде киелілікке қатысты зерттеулерді қамтитын арнайы сала қалыптасты.

Киелі мекендерді тарих-мәдени талдауларға сүйене отырып, көркем шығармашылық тұрғыда қарастыратын ғылым саласы – иератопия деп аталады. Иеротопия – көне грек сөзі (эрос – қасиетті, ежелгі, топия – кеңістік, орын). Киелі орындар, храмдар, архитектуралық кешендер, мешіттер мен шіркеулер иеротопияның бүгінгі күнге дейін жеткен өнер саласындағы жемісі.

Алғаш 2002 жылы өнертанушы ғалым, тарихшы А. Лидов иеротопия ұғымын ұсынып, «бұл қасиетті кеңістіктердің көркемдік қызметін зерттейтін ерекше ғылым саласы» деген тұжырымдама жасады (Лидов, 2009: 11). Ғалым бұл ұғым өнер тарихы, археология, мәдениеттану, антропология, этнология және дінтану салаларымен байланысты болғандықтан, гуманитарлық пәндер қатарында қосуды ұсынды. Ғалымның пайымдауынша, иеротопия – қасиетті мекендердің қалыптасуы, сакралды аймақтардың немесе нысандардың шығармашылықтың бір үлгісі ре-

тінде қарастырылуын атайды. Иеротопия ұғымы гуманитарлық ғылымның бір саласы болғандықтан талдау барысында тарихи деректерді, көркем шығармалардың мәтіндерін пайдаланады.

Иеротопия термині М. Элиаденің «Священное и мирское» еңбегінде аталған «иерофания» ұғымымен байланысты. Иеротопия – киелі мекеннің немесе нысандардың өнер туындыларындағы сипаты болса (мешіт, шіркеу, архитектуралық туындылар), иерофания – жер бетіндегі тылсымның көрінісі (қасиетті су, өмір ағашы, тау). «Адам киелілік туралы біледі, өйткені ол дүниеге тән зат-құбылыстардан мүлдем басқа нәрсе ретінде көрінеді. Киеліліктің қалай көрінетінін түсіндіру үшін біз қосымша анықтаманы қажет (Элиаде, 1997: 17) етпейтін әрі этимологиялық тұрғыдан нақты ұғымды білдіретін, яғни біздің алдымызда тұрған киелілікті сипаттайтын иерофания (hierophanie) терминін ұсынамыз.

Иеротопия ұғымының ғылыми анықтамасына қатысты А. Лидовтың, киелі мекеннің адам санасындағы қызметіне қарай М.Элиаденің, тарихшы ғалым Е. Кириченко (қала) мен археолог, антрополог В. Петрухиннің (елді мекендер мен тұтас мемлекеттер) иеротопиялық шығармашылықтың бір бөлшегі ретінде сакралды орындардың сипатына қарай қарастырған еңбектері пайдаланылды.

Иерофания ұғымының табиғатын танытып, жер бетіндегі тылсым көрінісін талдауда археолог ғалымдардың (тарихшы Л.Р. Кызыласов), (шығыстанушы, әдебиеттанушы, тарихшы Ә.Х. Марғұлан) зерттеу жұмыстары қарастырылды. Киелі нысандардың көркем моделін жасауда Ю.А. Гастев пен Н.И. Астрахан ғылыми еңбектері талданды.

Материалдар мен әдістер

Тақырыпты талдауда жинақтау, талдау және салыстырмалы әдіс пайдаланылды. Мифтік баяндар, аңыз-әпсаналарды мысалға келтіре отырып, иеротопия мен иерофанияның нысандары, киелі мекендердің тұрақты атрибуттарының тылсым сырын танытуды қалыптасқан ұғым-түсініктерді салыстырылды. Аңыз-әпсана сюжеттеріндегі киелі нысандардың орны адамзаттың таным-түсінігінің және қоршаған ортаға көзқарасының қалтасуындағы әсері герменевтикалық тұрғыда түсіндірілді.

Әдебиеттерге шолу

Иеротопия ұғымының ғылыми анықтамасына қатысты А. Лидовтың, киелі мекеннің адам санасындағы қызметіне қарай өзара бөлінісіне қатысты М.Элиаденің, тарихшы ғалым Е. Кириченко (қала) мен археолог, антрополог В. Петрухиннің (елді мекендер мен тұтас мемлекеттер) иеротопиялық шығармашылықтың бір бөлшегі ретінде сакралды орындардың сипатына қарай қарастырған еңбектері пайдаланылды.

Иерофания ұғымының табиғатын танытып, жер бетіндегі тылсым көрінісін талдауда археолог ғалымдардың (тарихшы Л.Р. Кызыласов), (шығыстанушы, әдебиеттанушы, тарихшы Ә.Х. Марғұлан) зерттеу жұмыстары қарастырылды. Киелі нысандардың көркем моделін жасауда Ю.А. Гастев пен Н.И. Астрахан ғылыми еңбектері талданды.

А. Лидов иерофания мен иеротопияның аражігін Библиялық аңызды талдау арқылы ажыратып көрсетеді. Библиялық аңызда Жақып пайғамбарға құдай аян береді. Ұйқысынан оянған Жақып аянда айтылған нәрселерді орындауға кіріседі. Алдымен белгілі бір аймаққа «құдайдың үйі мен аспанға апаратын баспалдақ» жасай бастайды. Ол түсінде басын иіп құрмет көрсеткен тасты мүсін ретінде қойып, құрбандық шалатын, діни ритуалдарды орындайтын қасиетті орынға айналдырады. Демек Жақып пайғамбардың

қолдан жасаған қасиетті мүсін, баспалдақ, құдайдың үйі және осы қасиетті элементтер орналасқан мекен иеротопия ретінде адам санасында иерофанияны қалыптастырды (Лидов, 2006: 61).

Құдайдың киелі жаратылыстары бұл әлемнен бөлек болмысқа ие. Оның қалай жасалғаны, қандай шыққаны адам баласына беймәлім. Десе де, адам бейсана түрде тылсымды түсінуге, сакралдылыққа жақындауға ұмтылады. Мұндай қасиетті мекенде құлшылық немесе діни рәсімдерді жасайды. Нәтижесінде қасиетті жаратылысқа қатысты санасында белгілі бір түсінік немесе бейне қалыптасады.

Белгілі бір нысанның немесе құбылыстың сакралды қасиеті адам санасында мәңгілік немесе уақытша тұрақталуы мүмкін. Қасиетті ұғымның уақытша көрінісі бір тайпаның ғұрыптық рәсімдерінен немесе белгілі бір кезеңде орын алған оқиғадан көрінуі мүмкін. Тарихи сахна ауысқан кезде қасиетті ұғым да, киелі культ те діни түсінікке негізделіп өзгеріп отырады. Ал, санаға мәңгілік сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сакралдылық рух деңгейіне көтеріліп, мәңгі өмір сүреді.

Сакралдылық ұғымын дінтанушы ғалым философ П.А. Флоренскийдің проваплавтық түсінікке сүйеніп: «сакралдылыққа қатысты қасиетке күмәнсіз сену, ғибадат етуден басқа әрекеттердің бәрі жанама, яғни адам болмысының екінші жағы. Ал, сенімнің негізі – киелілік ұғымынан құдайды іздеу. Кез-келген сакралды ұғымның дүние мен құдайды тану, рух пен тәнді, өмірдің мәні мен шындықты байланыстырып тұратын қызметі бар. Адам осы қасиетті танып, жақындаған сайын «жаны мен тәнінің бостандығына», «рухының еркіндігіне» жетеді», – деген тұжырым жасайды (Флоренский, 2018: 59).

Ислам мәдениетінде қасиетті мекендердің бірі – Мина жазығы. Бұл мекен Мекке мен Муздалифа арасында орналасқан, Харам аймағына кіретін қасиетті жер. Қажылық кезінде шайтанға тас ату, құрбан шалу сияқты құлшылықтардың барлығы осы аймақта жасалады. Қасиетті мекенде Адам ата Хақ Тағаладан жәннатты сұраған, осы жерде жаратқан Ибраһим пайғамбарға ерекше мейірімін көрсетіп, аспаннан көк қошқар түсірген. Пайғамбарымыз Мұхаммед киелі Мекке қаласынан Мәдина қаласына аттанар алдында Мина жазығына тоқтап, құлшылық жасаған (Милославский, 2018: 88).

Жер бетіндегі барлық қасиетті ұғымның болмыстағы көрінісін иерофанияның ғылыми жағы деп қарасақ, адамның санасындағы киелі

кеңістіктің қабылдануы, қалыптасқан бейнесі иерофанияның шығармашылық жемісі. Кеңістіктің ең маңызды белгілерін анықтайтын иерофанияның (мистикалық) және иеротопияның (адамдардың ақыл-ойы мен шеберліктің жемісі) сабақтастығы ретінде киелі кеңістіктердің көркем моделдерін айтамыз.

Иеротопия адам санасындағы рухани болмысты тану процесінде болмыстың табиғи элементі ретінде, кейін жоғары әлеммен қарым-қатынасының нақты бейнесі ретінде қалыптасқан. Иерофанияның бірінші белгілерін алғашқы қауымдық құрылыста тасқа қашалған суреттер мен таңбалардан байқауға болады. Мысалы, ежелгі Мая тайпасының қасиетті үңгірлеріндегі бейнеленген таңбалар арқылы сол жерді мекендеген халықтың дүниетанымын аңғаруға болады. Тіпті бейнеленген суреттердегі наным-сенім, ғұрыптар бүгінге дейін Майя қауымдастығында сақталған.

Майялардың қасиетті үңгірлері – Месоамерикадағы Колумбияға дейінгі Майя өркениетінің бастауын бейнелейтін қасиетті мекен. Бұл үңгірлердің басым бөлігі утилитарлық емес, діни мақсаттарға қызмет еткен. Тиісінше, зерттеу барысында кей үңгірлерден табылған археологиялық артефактілер діни рәсімдерді өткізу үшін пайдаланылғаны анықталған. Демек ежелгі Майя тайпасында пайдаланылу мақсатына қарай үңгірлер бірнеше топқа бөлінген. Бірінші, діни рәсімдерді жасайтын қасиетті мекен, екіншіден, тұрмыстық қажеттіліктерді (тұрғын үй) орындайтын жер, үшіншіден, азық-түлік сақталатын қойма немесе шахталар қызметін атқарған.

Мұндағы ғұрыптық рәсімдер орындалған үңгірлерден табылған петроглифтерден өзге, қабырғаларға көк (Майя тайпасындағы киелі түс) қол, бұғы және Чактың (жаңбыр құдайы) суреттері салынған. Үңгірдің ішінде ешқандай тіршілік иесі пайдалануға болмайтын қасиетті су болған. Ежелгі Майя тайпасы үңгірдің ішінен арнайы шұңқырлар қазып, үңгірлердің қабырғасынан тамшылаған минералды суды (сталактит) жинаған. Қазіргі Майя қауымдастығы әлі күнге дейін арнайы әдісті пайдаланып, қасиетті үңгірлерден сұйықтықты жинайды (Brady, 2015:115).

Нәтижелер мен талқылау

Ұлытау облысында ежелгі дәуірде тасқа қашалып салынған суреттер мен петроглифтер жақсы сақталған қасиетті жер бар. Бұл қасиетті мекен Теректі әулие деп аталады. Бұл жерде

көне заманның петроглифтері, неолит, энеолит, қола дәуірлерінің қолтаңбасы сақталған. Ерте темір дәуірінде бағалы металлдарды өндірген орындар мен түрлі қорғандардың ізі қалған киелі мекен. Ондағы петроглифтердің арасында ең көп кездесетін бейне – аттың суреті. Сонымен қатар жыртқыш аңдар, ат жегілген арба, бұқа, түйе, бұғы, теке, жылан және мысық тұқымдас жануарлардың суреттері бар. Түрлі таңбалар мен белгілердің геометриялық пішіндегі кескіндері де кездеседі. Бұл белгілерден ежелгі дәуірде осы жерде құрбандық шалып, діни ғұрыптарды өткізгендігін байқауға болады.

«Ұлытау облысының қасиетті мекендері» атты жинақта бұл қасиетті мекенге төмендегідей сипаттама жасаған: «Теректі әулиедегі суреттердің көптігі мұнда ең алдымен табиғи апаттардан қорыққан халықтың күнге табынуы, жергілікті «рухтарды» ерекше қастерлеуі, сиқырлық-магиялық рәсімдер жасауы сияқты әрекеттерімен түсіндіріледі. Сол кездегі адамдар мен қоршаған ортаның қарым-қатынасы өзара түсіністікте деп саналған. Сондықтан олар өздерінің азығы үшін пайдаланған тіршілік иелеріне асқан сыйластықпен қараған. Табиғатқа зиян келтіру Көк Тәңірісінің қаһарына ұшыратады деп түсінген. Осындай түсінік кейінірек түркілер мен моңғолдардың сеніміне де негіз болып, олар адам баласы табиғат пен қоғамның тепе-теңдігін бұзбай, солармен бірге өмір сүруі керек деп түсінген. Баяғы психологияның бір жұрнағы ретінде қазақта қалған бір мінез, аңшылар аң ауласа: «Сенде жазық жоқ, менде азық жоқ», – деп кешірім сұрайды. Киелі аңды атпауға тырысады, аң-құстың пірі бар деп санайды» (Мұхамедиұлы, 2017: 75).

Қасиетті деп сену, киелі деп құрметтеу түсінігі адам санасына ежелден сіңген ұғым екені белгілі. Сакралдылық алдымен адам бойына табиғи, бейсаналы түрде қалыптасып, кейін ой-өрісі дами келе жоғарғы күштерге деген дүниетанымынан көрінетінін алдыңғы тараушаларда талдадық. Табиғаттағы кез келген тылсым сипатқа ие қасиетті нысанның немесе орынның, тылсым жаратылыстың ерекшелігін айқындап тұратын өзіне тән белгілері болады. Өнертану саласында А. Лидов мұндай белгілерді «кеңістіктік белгілер» («пространственная икона») десе, біз өз зерттеуімізде оларды «атрибуттар» деп қарастырамыз.

А. Лидовтың анықтамасында: «киелі мекеннің нышандары – сакралды кеңістікті басқа мекеннен ерекшелейтін айрықша белгілер, қа-

сиетті нысанның (мешіт, ғибадатхана, қасиетті үңгірлер) символдық және бейнелік құрамдас бөлшектерінің жиынтығы» (Лидов, 1992: 53).

Қасиетті Құран Кәрім түскен Хи́ра үңгірі де ислам дінінде киелі мекендердің қатарында. Хи́ра – Меккеден 3,5 км. қашықтықта орналасқан, кіре беріс беті Қағбаға қарайтын шағын үңгір. Сауд Арабиясындағы Джабал әл-Нұр тауының солтүстік-шығыс беткейінде орналасқан.

Аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбар Хи́ра үңгіріне барып, оңашада ойланғанды ұнататын. Ислам дінінде дәл осы үңгірде Жәбірейіл періште Мұхаммед пайғамбарға алғашқы илаһи уахи, «Алақ» сүресінің алғашқы 5 аятын жеткізген. Сондай-ақ, Пайғамбардың 620 жылы ат-Таиф сапарынан қайтып оралған кезде Хи́раға барып, Меккенің қауіпсіздігіне сенімді болғанша сол жерде күткені айтылады. Үңгір Мина жазығына апаратын жолдың жанында орналасқанымен, оған бару қажылықтың шарты емес. Тарихи орын ретінде, барып ғибраттануға болады. Одан артық әрекет жасауға болмайды. Мекке халқы бұл үңгір орналасқан тауды Нұр тауы деп атайды. Үңгірдің кірер ауызы солтүстікке қараған. Ішіне тоғыз адам емін-еркін отыра алады. Ішінің биіктігі орта бойлы кісі тік тұра алатындай шамада (Lewis, 1986: 462).

Киелі мекеннің атрибуттары ретінде тылсым сипатқа ие өмір ағашын, биік тауды және қасиетті су сияқты табиғи элементтерді айтуға болады.

Сакралды кеңістікте табиғи белгілердің нақты бейнесі, орналасу орнының ерекшелігі, қызметі қалыптасқан. Мысалы, өмір ағашы орманның ішінде емес, алып таудың етегінде немесе жазық далада өсетін жалғыз түп ағаш. Ал бұл алып ағаштың түбінен қасиетті су, қайнар немесе бұлақ ағады. Олар үш әлемді байланыстырушы қызмет атқарады. Табиғи атрибуттардан бөлек, киелі нысандар да сакралды кеңістіктің бір белгісі. Киелі нысандардың да өзіне тән белгілері бар. Бірақ киелі нысандардағы атрибуттардың нақты кескіні жоқ. Ол жергілікті халықтың дүниетанымына байланысты бейнеленген сәулет, тасқа қашалып салынған суреттер сынды әртүрлі белгілерден көрінеді.

Әлем ағашының бейнесі терең психологиялық және мистикалық мағынаға ие. Ол үш әлемнің байланысын ғана емес, уақыт байланысын да бейнелейді. Жер асты әлемі – өлілер мекені, суық, қараңғылық, тұңғыық хаос әлемі, тамыр. Жер бетіндегі тіршіліктің басталып, қалыптасатын мекені – ортаңғы әлем, дің. Жоғарғы әлем

– рухтың мәңгілік мекені, ағаштың тәжі. Өмір ағашының кескіні арқылы ғаламның барлық бейнесін салуға, кеңістік пен уақыттың алуан түрлі модельдерін бейнелеуге болады. Өмір ағашы арқылы тек ғаламның бейнесі емес, адамның өзінің де шыққан тегін, өткенін, бүгін мен болашағын бөлшектеп қарай аламыз. Ал, философ П. Флоренский ағашты адамның тек рухани әлемімен емес, физиологиясымен де байланысты деген теория ұсынады. Оның ойынша, ағаштың тәжі – жоғарғы жағы, көкірек тұсы яғни ағаштың ортасы – адамның ақыл-ой, интелектісі, ал тамыры – асқазаны (Мелик-Гайказян, 2005: 241).

М. Элиаденің пайымдауымша, ғаламның кіндігі ұғымы қасиетті мекенге қатысты мотивтердің негізі. Жер бетіндегі алғашқы тылсымның көрінісі жер кіндігіндегі үш әлемнің (жерасты, жердің үсті, аспан) байланысымен суреттеледі. Жердің кіндігі арқылы өлілер мекеніне де, жоғарғы әлемге де есік ашылады. Әр халықтың түсінігінде келесі әлемге апаратын жол әр түрлі. Бірде баспалдақ, енді бірде тірек, баған сияқты ұғымдармен бейнеленген.

Архаикалық санадағы алғашқы қасиетті кеңістік хаостан пайда болған – аспан мен жер. Әлемнің жаралуы туралы мифтерде аспан мен жер алғашында біртұрас дене болды. Уақыт өте екеуі екі болмысқа бөлінуінің негізінде екі әлем пайда болды. Рух иелік күштер аспанға көтеріліп, қарапайым тіршілік иелері жерді мекен етті.

Жер бетінде тіршілік қалыптасқан кезеңдегі иерофаниялық атрибуттардың бірі – тау. Тау – жердің тірегі, темірқазығы. Әлемдік мифологияда жер үстіндегі үйлесімділікті сақтап, жерасты мен көкті байланыстырушы қызметін атқарады яғни «әлемнің орталығы» деген түсінік бар. Көне таным бойынша тау – тұрақтылықтың сипаты, жаратылыстың негізі. Атап айтқанда Үндістандағы Меру, Ирандағы Хараберецаити, Месопотамиядағы мифтік «Халық тауы» (Гора стран), Палестинадағы Геризим, түркі жұртының Алтай тауы тіршіліктің алғашқы бастауы деп танылып, жердің кіндігі саналады.

Таудың шыңы жердің ең биік, аспанға ең жақын нүктесі болғандықтан, жоғарғы әлемге жол ашатын көктің есігі. Ислам мәдениетінде жер бетіндегі ең биік шың Ка-Аба аспан әлемінің орталығы поляр жұлдызын нұсқап тұр. Ал христиан мәдениетінде ең биік шың Голфор деп аталады. Демек әр халықтың түсінігінде өзі тұрақтаған жер – киелі мекен. Әр атамекеннің географиясында орналасқан тау үш әлемді байланыстырушы қасиетті нысан. Ал, оның шыңы аспан әле-

міне бағытталған жол. Қазақтарда «Кұдайдың құдыретін танығың келсе тауға бар» деген.

Ежелгі мәдениетте таудың екінші қызметі – тұрақтылық. Оның шыңы өмір қайта басталған нүкте. Топан су туралы мотивте кемеңіз тоқтап, тіршіліктің қайта басталуында тау бар. Сондай-ақ топан су туралы мифтік мотивтерде су – күйретуші, жойқын күш. Ол тіршіліктің бастауы. Мифологиялық мотивтерде су дүниенің шығу тегі, бастапқы күйі, алғашқы хаостың баламасы. Қалай болғанда да ол – иерофаниялық атрибуттардың бірі, тазалықтың бейнесі. Сакралды мекендегі тірі су – қасиетті сипатқа ие. Ал, өзендер мен көлдер екі әлемді байланыстырушы шекара ретінде суреттеледі.

Жапон мәдениетінде Сандзу көлі – екі әлемнің шекарасы. Ежелгі түсінікте қайтыс болған адамның рухы екінші әлемге көшу үшін табытты өзеннен өткізген. Адамның жаны өзен арқылы жеті күн ағып Жапонияның ең шалғай жерінде орналасқан жерасты әлемінің қақпасы саналатын Осореяма тауы арқылы екінші әлемге аттанған. Грек мифологиясында үнсіз-тілсіз жүретін Харон қарт қайықпен марқұмдардың денесін Аид патшалығына жеткізген.

Өзен – өткен уақыт пен өмір қозғалысының символы. Егістіктерді табиғи сумен суаруға байланысты көптеген ірі өркениеттер үшін өзендер үнемі толығып отыратын табиғаттың сыйы, байлығы. Ал ағын су тазарту мен қозғалыстың белгісі.

Жер кіндігінің белгілерінің бірі өмір ағашы (әлем ағашы). Әлем ағашы – ғаламның әмбебап концепциясын бейнелейтін мифопоэтикалық бейне. «Әлем ағашының» (немесе «ғарыш ағашы») әр елдегі нұсқалары ретіндегі «өмір ағашы», «аспан ағашы», «тыйым ағашы», «шаман ағашы», «білім ағашы», «тілек ағашы» және т.б. – ұзақ уақыт бойы көне және жаңа замандағы адамзат ұжымының әлем моделін анықтаған әмбебап концепцияларының жиынтық бір бейнесі.

Киелі кітаптар түскен қалалар, қасиетті үңгірлер, діни көне құрылыстар, ғибадатханалар, мешіттер мен шіркеулер, әулие бабалардың зираттары да иеротопияның бір көрінісі. Мысалы, Құран Кәрімнің аяттары түскен Мекке және Медина қалалары ислам мәдениетіндегі қасиетті мекендердің бірі. Ал, қасиетті Құран Кәрімнің мәтінінде бес қаланың аты аталған. Олар, қасиетті Мекке – ең таза, әрі киелі қала, Медина, Иерусалим, Вавилон, Ирам.

Киелі жерлерге байланыста адам санасында қалыптасқан бейнелер сол жерге айрықша

сакралдылық сипат дарытады. Мұндай кескін, бейнелерді А. Лидов бейне-парадигмалар (образы-парадигмы) деп атайды. Бейне-парадигмалар – иеротопиялық жобаның семантикалық өзегі, қасиетті кеңістіктер мен адамдардың арасындағы байланыс құралы. Бұл адам қолымен жасалған сурет немесе мүсін емес, адам санасында қалыптасып орныққан бейнелер. Кескін-бейнелердің көркем туындылардан айырмашылығы да осында. Өнер туындылары, мүсін, белгілер, тасқа қашалып салынған суреттер адам қолымен жасалса, бейне-парадигмалар тылсымның табиғи көрінісімен, діни танымның әсерімен адам санасында қалыптасады (Лидов, 2009: 28). Мысал ретінде қазақ аңыз-әпсаналарындағы кейіпкердің түсіне еніп, аян беретін айтуға болады.

Қазақ ауыз әдебиетіндегі жиі кездесетін бейне-парадигмалардың бірі – Баба түкті Шашты Әзіз әулие. Баба түкті Шашты Әзіз – қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі жан. Бұл кісінің батасын алған баласыз жандар Алланың құдіретімен перзентті перзентті болады екен. Мұсылман аңыздарында Шашты Әзіз – сексен сегіз пайғамбардың бірі. Ол туралы аңыздардың бірінде есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі – Керемет Әзіз делінеді. Мұсылмандар арасында әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба Түкті Шашты Әзіз – Қожа Ахмет Яссауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген нұсқалар да бар.

Иеротопиялық бейне-парадигмалар қатарындағы Қызыр, Қыдыр баба – көптеген шығыс халықтарының, сондай-ақ қазақ фольклоры мен мифтерде және діни аңыздарда жиі кездесетін, аты аңызға айналған архаикалық образ. Оның генезисі, тұлғалық сипаты өте күрделі, әлі толық зерттеліп айқындалмаған. Бір ғалымдар Қызыр бейнесін көне архаикалық түсінік, көзқарастармен байланыстырып зерттесе, кейбір ғалымдар тек ислам ықпалымен пайда болған деп түсіндіреді. Қызыр туралы әрбір халықтың ғасырлар бойы ұстанып келе жатқан түсінігі бар. Қазақ фольклорында Қызыр баба (Қыдыр) – ел аралап жүрген ақ киімді, ақсақал кейпіндегі әулие, адамға қамқоршы, оларға бақ-дәулет беріп, әр түрлі қиындықтардан қорғаушы (Бабалар сөзі, 2006: 28).

Сонымен қатар иеротопияның бір белгісі болған жартастар мен балбалдар да тылсым қасиетке ие. Ежелгі түркілердің ұғымында балбал

тастар екінші тылсым әлеммен байланысты. Әдебиеттанушы, өнертанушы, шығыстанушы ғалым, археолог Ә. Марғұлан «Ежелгі мәдениет куәлары» еңбегінде: «Ежелгі түркі ғұрыптық кешендерінің көпшілігіндегі балбал тастар қаған, тегін, тархан, чүр, түдүн сынды билік иелерінің және атақты бекзадаларының құрметіне арналып жасалды. Қарапайым халыққа арналғандары да бар. Осы кешендерде аза тұту, ас беру немесе аруаққа бағышталған «жоқтау» сияқты этностың тіршілік циклының аса маңызды ғұрыптық жосындары атқарылған» (Марғұлан, 1966: 12) десе, шығыстанушы-археолог Л. Кызласов «О значении термина «балбал» древнетюркских надписей» еңбегінде: «Қайтыс болған адамның рухына тағзым ету арқылы аруақты келесі әлемге шығарып салу үшін ас берілген. Қайтыс болған адамның атамекенінен үлкен тастарды әкеліп зиратқа арналған ғұрыптық кешеннің күншығыс бағытына қарай арасын шамамен біркелкі қашықтықта тізбектеп тігінен орнатқан. Ежелгі түркілердің тастағы жазба, эпиграфиялық және археологиялық, этнографиялық деректерін мұқият зерттей келе, олардың салған тас мүсіндері жерлеу рәсімдерімен байланысты екені және олардың қайтыс болған батырлардың тас бейнесі екенін анықтадық» (Кызласов, 1966: 206) деп жазды.

Қасиетті мекендердің ауысуы, жаңаруы, тың сипатқа ие болуы иеротопиялық шығармашылықтың бір көрінісі. Көп жағдайда алғашқы сакралды кеңістік иерофонияның нәтижесінде, белгілі аймақтың құдайдың ерекше мейірімі түскен жер ретінде қабылдануынан пайда болды. Уақыт өтіп, мәдениеттер ауысып, жаңарған кезде алғашқы сакралды аймаққа ғибадатханалар, діни қасиетті нысандар салынып, алғашқы киелі мекенде сакралдылықтың жаңа белгісі пайда болды. Иерофониялық шығармашылықта ғибадатханалар, мешіт, шіркеу тәрізді нысандар – киелі мекендердің атрибуттары. Ал, бастапқы қасиетті мекенге мұндай нысандардың салынуы сакралдылықтың жаңа сипатының көрінісі.

Қазақ даласындағы күллі түркі жұртының түп мекені, атажұрты саналатын екі нысан бар. Оның бірі – Алтай өлкесі болса, екіншісі – Түркістан. Бұл екі мекен түркі жұртының танымында киелі деп саналды. Мағжан ақын «Түркістан – екі дүние есігі ғой» деп жырлаған киелі мекендегі ерекше нысандардың бастысы әрі бірегейі – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі. Бұл кесене 1405 жылы Әмір Темірдің бұйрығымен түркі халықтарының рухани ұстазы Қожа Ахмет Ясауидің

құрметіне салынған. Мазар XIV ғасырдың басты тарихи-архитектуралық ескерткіштерінің бірі.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдағы фольклортанудың маңызды міндеттерінің бірі ретінде оның топонимикамен байланысын зерделеуді айтамыз. Топонимдік фольклор – ұлттық фольклордың арналы бір саласы. Себебі топонимдік атаулар фольклор туындыларында көп ұшырасады. Топонимика тіл біліміндегі ономастиканың бір саласы болса, фольклортанудың да құрамдас бір бөлігі деуге болады.

Қазақ фольклорында халықтық проза санатындағы аңыз бен әпсананың орны ерекше. Есте жоқ ескі заманнан жеткен аңыз, әпсаналардың өзегінде негізінен ел мен жер тарихы жатады. Осы аңыз, әпсаналар топонимикамен тығыз байланысты болып келеді. Бұл фольклорлық нұсқаларда мекен, нысан атаулары туралы сюжет яки мотив алдыңғы орында тұрады (Аймұхамбет, 2022: 7).

Тараз қаласының маңындағы Айша-биді ауылында орналасқан XI-XII ғасырда салынған Айша-биді кесенесі де тарихи жәдігерлердің бірі.

«Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары» жинағына енген аңыздың нұсқасында «Қарахан батыр мұратына жете алмай, беймезгіл ажал жұлып өкеткен нәзік гүлдей аруын, арманда кеткен асылын жадтан өшірмеудің амалын тапқан екен. Өнер мен архитектуралық ескерткіште өлтірмейтін күдірет барын таныпты. Ғашығынан айырылып, қайғыдан қан жұтқан Қарахан сүйген жарының денесін арулап жерлеп, басына әсем күмбез орнатады. Айша-биді кесенесі Орта Азияда әйел затына арналған ең алғашқы сәулет ғимараты деуге болады. Кейіннен бұл үрдіс сахара салтына жат болған жоқ. Бүгінде Айша-биді кесенесі бір балаға зар болып жүрген жандардың тәу етіп келетін қасиетті орынға айналған. Бұл аңызда сапарға шығарда Айша әкесінің ризашылығын сұрайды. Бірақ әкесі қызының тілегін қош көрмей, батасын бермепті-мыс. Сөздің, батаның киелілігін айрықша бағалаған халық әке батасын ала алмаған қыздың мұратына жетпегенін түспалдайды. Бұл сенім де кие ұғымының халық танымындағы ерекше орнын аңғартады.

Қорытынды

Иеротопия XX ғасырдың басында гуманитарлық ғылымның бір саласы ретінде қалыптасты. Жоғарыда аталған 1957 жылы жарық

көрген М. Элиаденің «Священное и мирское» еңбегінде аталған «иерофания» ұмымына сүйене отырып А. Лидов 1996 жылы басылып шыққан «Чудотворная икона в Византии и Древней Руси» еңбегінде «иеротопия» ұғымына анықтама берді. Кейін ғалымдар жекелеген мәдениеттердегі қасиетті мекендерге қатысты зерттеу жұмыстарын жариялады. Мысалы, 2008 жылы Г. Грибунина «Иеротопия новозаветного храма в контексте христианского культового действия» атты еңбегінде ежелгі славяндардың түсінігіндегі иеротопия ұғымының қалыптасуы туралы жазды. Ал, А. Селезнёв «Исламские культовые комплексы астана в Сибири как иеротопии: сакральные пространства и религиозная идентичность» мақаласында сібір халықтарындағы қасиетті мекендердің ислам мәдениетіндегі түсінігін талдады. Орыс мәдениеттану, әдебиеттану ғылымдар салаларында А. Лидов көрсеткен «кеңістіктік белгілердің» («пространственная икона») ежелгі славян мәдениеті мен христиан дініндегі көрінісіне қатысты А.Ю. Годованец «Икона из света в пространстве Св. Софии Константинопольской», Н. Исар «Императорский Хорос. Пространственная икона как отражение вечности» сынды зерттеу еңбектері де жарияланды.

«Киелі» санатындағы орындардың фольклор мен әдебиеттегі көріністері негізінде сакралды мекендердің көркем моделдері қалыптасты.

Ю.А. Гастевтің пайымдауынша көркем модель – кең мағынада бейне (танымда қалыптасқан бейнелер, көріністер, сипаттамалар) немесе белгілі бір нысанның үлгісі, санадағы түпнұсқа қалпы. Сол қалыптасқан бейнені жан-жақты ашып, сан қырлы мағынасын танытатын қосалқы элементі (Гастев, 1974: 207). Зерттеушінің анықтамасын негізге ала отырып, Н.И. Астрахан «Художественное моделирование: теоретико-литературный аспект» атты мақаласында көркем модельді екі топқа бөлді. Біріншісі – белгілі бір табиғи құбылыстың жасанды имитациясы болса,

екіншісі – керісінше, субъектінің алғашқы, түпнұсқа бейнесі (Астрахан, 2014: 21).

«Модель» ұғымы әмбебап сипатты, оны бірнеше мағынада пайдалануға болады. Н.И. Астрахан модельді ежелден қалыптасқан «technē» ұғымымен байланыстырады. Грек тіліндегі мағынасын негізге алып, зерттеуші бұл ұғымның үш мағынада қолданылатынын көрсетті. Олар: қолөнер, ғылым және өнер. «Technē» ұғымын А.Ф. Лосев Аристотельдің эстетикасына сүйене отырып, «мақсатты қызмет», «мағыналы қызмет», «идеологиялық мақсаттағы қызмет» тіркестерімен талдады. Нәтижесінде «бір модельді тудырушы, қалыптастырушы» деп атады (Лосев, 2000: 399). Бұл тұжырымдар арқылы қорытынды жасайтын болсақ, көркем модель нақты табиғи құбылысқа немесе әрекетке, белгілі бір элементке негізделген бейненің түрі. Демек санада қалыптасқан модель арқылы кез-келген құбылыстың, ұғымның танымдық кеңістіктегі мәніне, сол арқылы қалыптасқан алғашқы бейнесіне үңіліп, түпнұсқасын тануға болады. Модель – тұтас нақты бейне болмаса да шындыққа қатысты құрастырылған, нақты құбылыстың табиғатын танытуға бағытталған элемент.

Киелі мекеннің көркем моделі – иеротопияның бір бөлігі. Киелі мекендердің көркем модельдері жүйесінің қалыптасуында түпнұсқа бейне, сакралды аймақтар немесе белгілі бір нысандар маңызды рөл атқарады. Бұдан бөлек сакралды сипаттағы модельдер арқылы көркем өнердің үлгілері туып, әдеби шығарма, архитектуралық нысандарды да пайда болуына әсер етті, визуалды мәдениет қалыптасты. Көркем әдебиетте мұндай модельдер миф, аңыз-әпсаналар арқылы түпнұсқалығын жоғалтпай, әдеби шығармаларда жалғасын тапты.

Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР22685428 «Киелі мекендердің поэтологиялық моделі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

References

- Lidov, A.M. (2009). Ierotopiya. Sozdanie sakral'nyh prostranstv kak vid tvorchestva i predmet istoricheskogo issledovaniya // V kn.: Ierotopiya: prostranstvennye ikony i obrazy-paradigmy v vizantijskoj kul'ture [Hierotopia. The creation of sacred spaces as a kind of art and subject of historical research. In the book: Hierotopia: spatial icons and images-paradigms in Byzantine culture]. Moscow. Indrik. (In Russian)
- Eliade, M. (1994). Svyashchennoe i mirskoe [Sacred and Profane]. Moscow. Izdatel'stvo MGU. (In Russian)
- Lidov, A. (2006). Ierotopiya. Sozdanie sakral'nyh prostranstv v Vizantii i Drevnej Rusi [Hierotopy. Creation of Sacred Spaces in Byzantium and Ancient Rus']. Moscow. Indrik. (In Russian)
- Florenskij, P. (2018). Filosofiya kul'ta: opyt pravoslavnoj antropodicej. [Philosophy of culture: the experience of orthodox anthropoditsei]. Moskva. Akademicheskij proekt. (In Russian)

- Miloslavskii, G.V., Petrosyan, Yu.A., Piotrovskii, M.B. (1991). Islam: encikloped. slov [Islam: encyclopedia. words]. Moscow. Nauka. (In Russian)
- Brady, J.E., Pruffer, K.M. (2005). In the Maw of the Earth Monster: Mesoamerican Ritual Cave Use. Austin.
- Kazakstannyn jalpyul'tyq kasietti nysandary (2017) [National sacred sites of Kazakhstan]. Astana. Foliant. (In Kazakh)
- Lidov, A.M. (1992). Odigitriya Konstantinopol'skaya [Hodegitria of Constantinople]. Moscow. Feoriya. (In Russian)
- Lewis, B., Ménage, V.L. (1986). et al. Encyclopaedia of Islam, Vol. 3.
- Melik-Gajkazyan, I.V., Petrova, G.I., Luk'yanova, H.A. (2005). Mif, mechta, real'nost': postneklassicheskie izmereniya prostranstva kul'tury. [Myth, Dream, Reality: Post-Non-Classical Dimensions of Cultural Space]. Moscow. Nauchnyj mir. (In Russian)
- Lidov, A.M. (2009). Ierotopiya: prostranstvennye ikony i obrazy-paradigmy v vizantijskoj kul'ture. [Hierotopy: Spatial Icons and Paradigm Images in Byzantine Culture]. Moscow. Dizajn. Informaciya. Kartografiya. (In Russian)
- Älbekov, T. (2006). Babalar sözi. [The words of ancestors] Astana. Foliant. (In Kazakh)
- Margulan, A. (1966). Ezhelgi madeniet kualary: gylymi-kopshilik makalalar zhinagy [Witnesses of ancient culture: a collection of popular science articles]. Almaty. Kazakstan. (In Kazakh)
- Kyzlasov, L.R (1966). O znachenii termina "balbal" drevnetyurkskih nadpisej. [The meaning of the term "balbal" in ancient Turkic inscriptions]. Moscow. (In Russian)
- Aimuhambet, J.A, Mirazova, M.N, Kenjalin, K.K. (2002). Shymkent kalasy aumagyndagy antropotoponimikalyk apsanalardyn poetologialyk pishini. [The poetic form of anthropotoponymic legends in the territory of Shymkent]. Vol. 2, P. 7-21. (In Kazakh)
- Gastev, Yu.A. (1974). Model' [Model]. Moscow. Sovetskaya enciklopediya. (In Russian)
- Astrahan, N.I. (2014). Hudozhestvennoe modelirovanie: teoretiko-literaturnyj aspekt. [Artistic modeling: theoretical and literary aspect]. Vestnik TGPU. Vol. 11(152), P. 16-21. (In Russian)
- Lovev, A.F. (2000). Uchenie Aristotelya ob iskusstve [Aristotle's teachings on art]. Kharkov. Folio. (In Russian)

Авторлар туралы мәліметтер:

Аймұхамбет Жанат Әскербекқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор. (Астана қ., Қазақстан, e-mail: a_zhanat@mail.ru);

Миразова Маржан Нышанбекқызы (корреспондент авторы) – Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы (Астана қ., Қазақстан, e-mail: m.n.mirazova@mail.ru);

Дәлелбекқызы Ақмарал – PhD, Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБҰ әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры (Астана қ., Қазақстан, e-mail: dalakma@mail.ru).

Сведения об авторах:

Аймұхамбет Жанат Аскербековна – доктор филологических наук, профессор (Астана, Казахстан, e-mail: a_zhanat@mail.ru);

Миразова Маржан Нышанбековна (автор-корреспондент) – старший преподаватель кафедры казахской литературы Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Астана, Казахстан, e-mail: m.n.mirazova@mail.ru);

Ақмарал Дәлелбекқызы – PhD, доцент кафедры социально-гуманитарных дисциплин Казахского государственного университета имени К. Құлажанова (Астана, Казахстан, e-mail: dalakma@mail.ru).

Information about authors:

Aimukhambet Zhanat – Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: a_zhanat@mail.ru);

Mirazova Marzhan (corresponding author) – Senior Lecturer at the Department of Kazakh Literature of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Astana, Kazakhstan, e-mail: m.n.mirazova@mail.ru);

Dalelbekkyzy Akmaral – PhD, Associate Professor at the Department of Social and Humanitarian Disciplines of the K.Kulazhanov Kazakh State University. (Astana, Kazakhstan, e-mail: dalakma@mail.ru).

Келін түсті: 23 ақпан 2025 жыл.

Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл.